

*М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
Мемлекеттік
университетінің
құрылғанына*

80
жыл

ҚҰРМЕТТІ СЕРІК МӘУЛЕНҰЛЫ!

Қазақ ұлттық аграрлық университеті ұжымының және өзімнің атымнан Сіздерді М. Қозыбаев атындағы атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің мерейлі 80 жылдық тойымен ізгі ниетпен құттықтаймын!

Егемен еліміздегі жоғары білім мен озық ғылымның өркендеуіне ерекше үлес қосып жүрген, тағылымы мол терең тарихы бар бұл іргелі оқу орны – бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын, инновациялық бағыттағы әлеуеті мол білім ордасы болып саналады. Талай белесті кезеңдерден өткен оқу орны бүгінгі күні кәсіби шыңдалған ұжымның қажырлы еңбегінің арқасында еліміздің солтүстік өңірінде ғана емес, республикалық және халықаралық деңгейіндегі озық университеттердің қатарына енді. Манап Қозыбаев сынды қазақ халқының ардақты перзентінің елеулі есімін иеленген университеттің өнегелі тарихы мен рухани келбеті жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында: «Қазақстандағы жоғары оқу орындары тек білім берумен шектеліп қалмай, ғылыми-зерттеушілік бағытты қатар дамытуы керек» – деген болатын. Аталған бағытта университет – жоғары білім беру саласын бойынша Елбасы қойып отырған жаңа талаптарды іске асырып, білікті мамандарды дайындауды белсенді түрде жүзеге асырып келеді.

Қазіргі кезде заман талаптарына сай, стратегиялық бағытта өркендеуге қарқынды қадам жасап отырған университет табыстары мен жетістіктері алдағы кезеңде де жаңа идеялық ізденістермен, ғылыми жаңалықтармен жалғасын табатынына сенімім мол.

Университет дамуының жаңа кезеңі саналатын 80 жылдық асуды бағындырған оқу орны басшылығы мен оқытушылар құрамына жемісті еңбек, нәтижелі ізденістер, абыройлы қызмет, жарқын келешек, отбасыларына бақыт тілеймін!

Тәуелсіз мемлекетіміздің кемел келешегін қалыптастырып, отандық халық шаруашылығы білімі мен ғылымын дамыту жолындағы игі істеріңіз табысты болсын!

Құрметпен,
ҚазҰАУ ректоры,
ҚР ҰҒА вице-президенті,
академик



Т.Есполов